


12.2005
6068К



Игілік ЭЙМЕН

ҚҰС ЖОЛЫ



О Т Ы Р А Р К И Т А П Х А Н А С Ы

Іглік ЭЙМЕН

ҰС ЖОЛЫ




Астана
2004

ББК 75.713

Ә 37

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды*



Әймен Игілік.

Ә 37 Құс жолы. –Астана: Фолиант, 2004. – 108 6.

ISBN 9965-619-72-7

Игілік Әйменнің бүл «Құс жолы» атты баян-хикаясында халқы-мыздың даңқты перзенті, 2000 жыл Австриядагы Сидней қаласында өткен әлем Олимпиадасында бокстан чемпион болған Бекзат Саттархановтың ерліктері төтен, бақыттай келте, даңқтай биік ерекше тағдырдың дәл өзіндей кіршіксіз көңіл мен пәк жүрекке түсірген шапағатты нұры, өшпесі мен өкінішті келбеті, қыска ғұмыры ғашықтық көзбен, тілеулем жүрекпен сарапталған жинама мотивінде тұтынды баяндалады.

Кітап спорт сүйер қауымға, жалпы оқырманға арналған.

Ә $\frac{4204000000}{00(05)-04}$ 04

ББК 75.713

© Әймен И., 2004

ISBN 9965-619-72-7

© “Фолиант” баспасы, 2004

Мен егер лаулап жанбасам,
Сен егер лаулап жанбасаң,
Ол егер лаулап жанбаса –
Серпілер түнек, түн кашан!

Шығыс шайырларынан

АВТОРДАН

...Қазаққа бір тәрбие әңгіме ұсынылды. Баян-хикаяттардан (өнегелік қияли-философиядан туындаған) – документ, дерек ізден дедектеудің, қазымырланып жатудың қажеті шамалы; астарын аңдаңыз. Басты мәселе – Ұлы мәртебелі тәрбие!

Үстірт қарағанға, шығармада – женіл ойнақылық жатқандай; екіншілей қарасаң – қызығылықты-шыжғылықты оқиғалар; ал, шындал автордың көзімен үңілуге ниет қойсаңыз – астарлы ауыр ой қылаңдайды. Тағы да – “Ұлы мәртебелі – өмір шындығы, жауапкершілік!” шырқырайды.

Алланың жолын көрсетуге тиіс аға буын – мына бір... өліара мезгілде – дәрменсіз, құлықсыз да. Себеп? Кешегі құдайсыз кезеңде – иманға жүгінген аталары кан жосалаңып, келмеске кетіп – уызға жарымай, жетімек, жалтақ бол жетілген. Тамырлары солқылдақ. Кейінгі, соңғы толқын әлдеқайда әлді, зиынды, бостаншыл, құдіреті күштіге құлаған...

Олай болса – ЖАЛЫН АТҚАН ЖАСТАРДАН – ӨШПЕС ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗДАРДАН өнеге алайық!..

...ҚАРАТАУ МЕКТЕБІНІҢ ЗАҢДЫ МҰРАГЕРІ

“Құс жолы” атты бұл лирикалық естелікті баянды төбірене оқыдым. Бір кезде бәріміздің де төбемізді көкке жеткізіп, өз ұлтымызға деген мақтанышымыз бен құрметімізді айтусыз өсірген аяулы Бекзат Саттархановтың қысқа ғұмырын ғашық көзбен, тілеулес жүрекпен сарапталған жылнамасы. Ерліктең төтен, бақыттай келте, данқтай биік ерекше тағдырдың дәл өзіндегі кіршіксіз көңіл мен пәк жүрекке түсірген шапағатты нұры. Өшпесі мен өкінішті келбеті.

Негізгі кейіпкердің бірі – атақты спортшымен бірге оқып, бірге өскен замандасы. Басты кейіпкер тақылеттес қайсар талап, асқақ арман иесі. Екеуінің де өнегесі – дала өртіндегі лапылдан өткен Саттар Ерубаев. Сиднейдегі данқ тұғырына көтерілген Бекзаттың көзінде айрықша алау маздал тұрып еді фой. Сол от Саттардың “Менің құрдастарымы” мен өлеңдерінен тұтаныпты. Бекзат арманына жете алды. Бірақ оның қызығын ұзак көре алмады. Талай арманы ішінде кетті. Артында он екі де бір гүлі ашылмаған ару махабbat қалды. Талантты қаламгер Игілік Әймен данқты тәңіректейтін даражылық қасіретін қазымырланбай, аяулы жандардың ақ тұнық сезім қаймағын шайқалтпай, аса нәзік баяндардан берсе алған.

Игілік Әймен қазак қара сөзіндегі әйгілі Қаратау мектебінің жақсы ұлгілерінің заңды мұрагері болып жетіліп келе жатқаны: байқатады. Қысқа әңгіме, хикая, эсселерінде Саттар Ерубаевтағы лапылдаған арманшылдық, Тәкен Әлімқұловтағы арғы мен бергіні қатар өрбітіп отыратын тарихилық пен табиғилық, Асқар Сүлейменовтегі әлеуметті ұлпа жерінен ұшынта шымшып алатын қиқарлық,

Қарауылбек Қазиевке тән майда әуез-лиризм анық бой көрсетеді. Оның үстіне, Абайдың заман мен наданнан туңілген күніренісін қосыңыз.

Бұның бәрі еліктеушілік емес. Басымыздан өтіп жатқан баянсыз уақыттың кінәрәтсіз көңіл мен байыз таба алмай жүрген байбалам санаға тікелей түсіріп жатқан қысымы.

Зады Игілік Әймен – қадамына үмітпен көз тігіп, зер сала қадағалауға тұратын терең қаламгер болса керек.

Әбіш Кекілбайұлы

Әуелі Алла. Тәүелсіз Отанымыздан – тұңғыш казактан шыккан Олимпиада чемпионы, елін шексіз сүйген жиырма жасар азамат – Бекзат Саттарханұлы Саттархан тегі, арда бауырым – жатқан жерің жайлы болсын.

Бұл еңбегімді өлмес рухына бағыштадым.

Автор

ЕСКІ, ҚАРА ЖОЛДА. ҮКІАША АТА

(хикаялтарға барап жолда)

...Бекзат алты жаста еді. Қасиетті Үкіаша ата әулиеге жолымыз түскен... Халық аузында Үкіаша ата – Мұхаммед пайғамбардың замандас сахабаларының бірі – біреgeйі.

Ол жерде қарт Қаратудың күнгей бектерінде, әулиенің жанындағы зиратта менің атам, аталастарым, тағыдағы қауым-жамағат әруактар жатыр.

Жылдар өте, атамың дуалдан тұрғызылған бейіттамы әбден мұжіліп, шөккен-ді. Күн демей, тұн демей то-лассыз ағылған келім-кетімнен аяқ асты бол, жойылып кетпегіне – қырнап тазалап, белуардан тас өрдік.

...Есімде – Бекзат өзінше біздерден қалыспауға тырысып, өршеленіп, неғұрлым ұлкендеу тастарға жабысып бағуда.

– Қой, белін ауырады, ары барып ойна! – деймін мен, уайымдап. Ол бұрынғыдан бетер өршиді өжеттеніп.

– Үндеме, қой десен пәлеге қаласын, – дейді әкесі – агамыз.

– Бекзат, өскенде кім боласың? – деймін, алдарқатып.

– Көке, сіз сияқты боламын! – дейді ол.

– Сонда қандай?

– Үлкे-е-е-нн!..

– Мына тұрінмен чемпион боласың-ау, шамасы?!

– Ия, чемпион боламын!!!

Майы тамған тамыздың аяқ кезі-тін...

Сан-сапалак себептермен атамның басына, Үкіаша атага бара алмағанымға көп жылдар өтіп те кетіп еді. Сырдың арғы бетінен кішкентай Бекзатын ерткен аталас ағамыздың келе қалғаны. Ол кісі де әулиеге зиярат етпекке ниеттеніп шыққан екен.

Ертесіне, мениң он жасар балам бар, төртеуlep жол тарттық. Автобуспен қаладан қырық шақты шақырым жүрген соң, тұсынан түсіп қалдық. Ары, тауға қарай он шақырымдай жер. Біраз жыл бұрын, Ферғана ма, Наманған ба... әйтедің сол жақтан келген бір бақуат мұсылман әйелі қырдың үстінен айналма тас жол салдырган (су шаймасын деген болулары керек). Өткінші көлік күтпедік, са-рылып:

- Қалай жүреміз? – деді ағайым.
- Ескі жол әлдекайда жақын ғой, – дедім мен.
- Баста!

Мен көзімді жұмып, “ескі жолдың жобасы осылай шығар” деп төтесінен саймен тартып бердім. Жаңылыспапын: сәлден соң, шөп басыңқырап, бедерлері әбден сүрленіп, көмекілене кебірсіген ескі жолдардың сорабы бірнеше қатарланып, жарыса, сайрап кеп берсін. Кейбір, азын-аулақ мал тұғыры тиғен жерлері ып-ыстық көрініп, борпылдан жатыр. Бір жағынан қуанып, екінші жағынан көзім түсіп, табаным тиғеннен толқып кеттім. Көп жылдар бойы ізім-ғайым жоғалып, әуейі лағып, ұмыт калдырганым өзімді құнааң адамдай сезіндім.

...Бұл жолдармен сандаған мың адамдар нешеме жүз мәрте жүріп өткен. Мен үнсізбін. Ағайым да өз ойымен. Ішінді кернеген кермек тебіреністерінді бөліскің-ак келеді. Қатарларынан айрықша бөлек жаратылған, ішінде тегін түйнек жәтпағаны әзірге бір Аллаға ғана аян құйтақандай Бекзат бірде жүгіріп алдымызға шығып, біресе қалып кетіп, жолшыбай қолына іліккенін сүреттіп – ескі жолдың шаңын қағып, жаңартып та келеді. Мениң қаланың таспа көшелерінде өскен балам кроссовкам қажады деп бір

шешіп-бір киіп, әудем қалып кеткен. Ойыммен әлкеніп, баламның қылығы қитықтандырып та, арқама жалтақтай, отқа қарылып мен келемін. Кішкентай баланың табанының астынан бұрк-бұрк үшқан топырақ сананды жыбырлата сілкілеп, өткеннің елесі тыныссыз бұлдырандайды.. .

Жолда, Ерқоян ата әулиеге тізе бүгетінбіз. Құран оқылатын. Одан Үкіаша атаға келіп, тағы да құран бағышталып, Өгізтау асатынбыз... Осы күндері Үкіашага зияратқа келетіндер Ерқоянға соға алмайды, олар жаңа жолмен жүретін болған.

Ескі, қара жол – тірі! Ол да толқып, бұлқынып жатыр.

Әне, шұбатылған көш-керуен кетіп барады! Ақ орамалдарының ұштары желбіреп, желмаямен қалқи жүзген женгейлер; ауыздығымен алысқан арғымақ мінген қияқ мұртты агалар; сүйектері сықырлап, дөңгелектері тыныссыз шикылдаған кәрі арба, үстінде немере-шөберелерін бауырларына басып, кеү-кеулеп әңгіме көрігін қыздырган ақ-шанқан кимешекті әжейлер; ақ қалпақты, ақ бөз шапанды аксақалдар...

– Эй, жүгірмектер! Жәй жүріндер! Ақырын сөйлендер, дабырламай!

Бозбалаларға әнтек зекіген апалардың даусы анық естілетіндей.

Қаудыраған қуырдактарды жолай шалып, ауыздарынан көбіктері бұрқырап, ыңыранған аруаналар... Кісінеген аттар... Жүрттың берекесін қашырып, тосын ақырған ессіз есектер...

Айналам күтір-күтір, күңгір-күңгір, сыңғыр-сыңғыр дауыстарға толып кеткендей.

Маған ескі қара жол ыңырсып, тілдесерге жан таппай мұнайып жатқандай көрінді. Әлде, бір мезгіл мызғып алайын деп тыныстал жатыр ма?

– Ия... біздер де өтерміз. Мына карт, данышпан ескі көздер өшпесе екен?! – деймін ішімнен күбірлеп, дұға оқығандай.

– Кө-ке-е-е-е! Кө-ке-е-е! Қараңызышы?!

Арқама бұрылсам, оншакты құлаштай келетін жуан сымтемірді саңғырлата сүйреткен Бекзат. Әлпеті – шар-

тылдаған найзағай отындей! Борпылдаған тылсым топырақ бұлқынып, будақ-будақ аспанға атқылайды...

Еріксіз езу тартамын.

– Ә-ә-ә...? Ескі, кара жол! Тірісің!!!

ИНКОГНИТО. ХАТ-ДӘПТЕР

(*хикаялтарға кіріспе*)

Заманның өліара, елең-аландығына қарамастан сезім сергітер, мамыр айының сылкымшуақ басы. Бір топ ниеті тура ағайынмен қарт Қаратаудың сонау түкпіріндегі Жылаған ата әулиеге барып, көңіл кірінен бір арылып, жеңілденіп қалған бейбітшілік кез де еді. Оған қоса өткен аптада боксшыларымыз Лапландиядағы әлем біріншілігінен құлақ естімеген қырғын олжамен оралған. Он екі салмақ түп-түгел қоржынға жүлде салды, бесеуі – алтын!.. Әсіреле, Бекзаттың салмағындағы Беріктің жеңісі халықтың жасыған көңілін шырқау көкке көтеріп-ақ тастады. “Жас алаштың” өткен нөмірінде Беріктің ол жеңісі хакында Жұлдыз Тілеулина деген ҚазМУ-дың талантты студентінің толғау-тебіреніске толы қөлемді мақаласы жарияланды. Жалпы. Жұлдыз газеттерде Бекзат Австралиядан олимпиада чемпионы болып оралғалы ол жайында да басқалай да тамаша мақала-эсселерімен, елең-жырларымен көрініп жүрген қарындасымыздың. Мен тіpten марқайып, бір жасап қалдым.

...Есіктің алдында – жүзімдердің қоленкесінде “Биіктік” атты әңгімемді қырнап-қырлап, өз ойларыммен болып та бараптышылық қылып отырғанмын. Пошта келіп, бір бума газет, қытырлақ қоныр қағазбен қатталған жұқалтаң бандероль тастан кетті. Бандерольдың сыртындағы: “Алматы. Жұлдыз Тілеулина” деген жазуларға көз жүгірте былай сирый қойдым да – газеттерді бір сүзіп өтіп, асығыстай қайта қолыма алдым. Ішім бұлк еткендей – бірдене сезетіндей: Бекзат жайлы мен де тұртінектеп жүрмін. Жұлдыз қыз да ниеттеніп жүр?..

Бандерольдағы – он екі беттік, кәдімгі көк дәптер екен.

“Арманың, ардақты Иген аға!” деп басталатын алғашқы үш беті – хат:

“...Мен – Жұлдыз Тілеулина, Бекзатпен кішкентайымыздан бірге өстік. Университетке де қатар түстік. Ол – журналистикаға, мен – тілге.

Жастық жасалып жасасындаи-ақ еді. Арманымыз асқар-асқар таулардай-тын. Өмірдің... мұншалықты құбылмағызын ойлат жасатының ба? Бекзат өмірден откен соң, маган ол туралы ойлау да, жазу да оқайға соқпады. Себебі?. Түсінерсіз... иега?!

Өзімді-өзім жеңгендеймін. Бекзат оштес жүлдізды жолын салып кетіпті. Қазір сол жол жалғасуда! Жалғастырамыз!..

“Кетті” деген – бекер, ол – тірі! Мәңгілік тірі!!!

Әркім өзінің жүлдізды жолын салуы керек екен!..

Иген аға! Сіздің Бекзатқа бөтен еместігіңізді білемін. Мениң хат-дәптер жолдауым – тек қана ол жасынан емес, маган Сіздің дүниелеріңіз үнайды, өзіңізді құрмет тұтамын! Сенемін!?.

Мен, көзсіздікке барып – Бекзат хақында: “Мен балаң жарық күннен сәуле құған” деген поэмады бастап жібердім. (Сізден несін жасасырайын... “өлең жазудан поэманы жеңіл санаған” гой деп те ойлат қалмассыз.)

Асықтаймын. Уақыт бар сияқты. (Қанат деген досымыз эссесін шыңдаған жүр).

Иген аға! Откен жолғыдай етпессіз?!. .

Қарындастырылған “Жұлдыз Тілеулина”.

“Откен жолғыдай етпессіз?!. Сенемін!?. Түсінерсіз?..”

Жұлдыз бұдан бұрын да хат жолдаған. Бекзаттың Олимпиаданы бағындырып келген кезі. Хаттағы ода іспетті, екпінді сөздерден құралған дүние-тін. “Тексеріп берсеңіз” демеген. Қысқасы... Бекзат арқылы елдің рухын жана да жаңа ұшарларға ұмтылдырар, соны да соны соқ-

пактарға сілтер, ерен те ерек жан-дұниенде серпілтер бір нәрсе жазыңызың дегендей астыртын өтініш-тілек, мегзей бар болатын.

Аты-жөні көрсетілмеген инкогнито хат Жұлдыздікі екендігін жобалаған-тынымын.

Кідірмestен, шама-шарқымша дүниәуи-пәлсапалық астар беріп, бас-аяғын жинақтап – “Жас алашқа” Жұлдызың атынан жібердім:

МАҚТАНСАҢ ҚАЗАҚ – СЕН БҰГІН МАҚТАН!..

О, құдырыеті құшті жасаған ИЕМ! Сенің қазаққа деген көзің ОҢ! Әрдайым елең, ескеріп келесің.

Іштей: “Бұл қазақ та тегін емес-ау, әйтеүір Иесіне ұнайтындаи бірдеңесі бар болуы керек” дегендей пендешілік ой да ілесіп жүретін. Бірдеңесі – Асан баба, Қорқыт баба, Төле ата, Абылай хан, Кенесары, Махамбет, Абай, Құрманғазы, Мағжан, Ахмет, Сұлтанбек, Саттар, Қажымұқан, Бауыржан, Әлия-Мәншүк, Тәкен, Шәмші, Нұрғиса, Мұқағалилар... болса керек. Қанының сұмдық тазалығы, Рухының биіктігі шығар!

Сол тазалық, Асқақ Рух – бұгін қазақтың төбесін көкке тіреп тұр! Қек байрағының желбірі: ауыздық салдырmas асау арғымақтың тұяғының тегеурініндей жердің түгін жапырып, қиян шыңдардың ұланы Мұзбалактың алмас қанатындаи қек аспанды тілгілең, сартылдаң – Еркіндігін, Асаулығын, Тектілігін барша әлемге паш етуде!

О, Бекзат бауырым! Саттархан тегі Бекзатым!

Сені туған Анадан айналдым! Сені берген жерден, елден айналдық!

Бекзат! Бек-затым! Барша қазақтың Бекзаты!

Сен білесің бе, не тындырғаныңды?!

Сен – Тәуелсіз Отанымыздан шыққан тұңғыш қазақ Олимпиада чемпионысың! Қазақ тарихында – бокстан алғашқы қазақ Олимпиада жеңімпазысың! Келешекке жетелер, жалғастырар – жарық жұлдызыңсың!..

**Сен – қазағыңмен бірге едің, қазағыңмен бірге
заңғар көкке көтерілдің, қазағыңды асқақтаттың!**

**Бүгін – айналам толы той-думан, шаттық, қуа-
ныш, бақыт... Аспан жүзі айнадай – ашық, Жер-Ана
бедері айшықты тұкті кілемдей – көз тойғысыз!
Жаңа туған қарадомалақ бауырларың Сенің жеңісің-
мен ауыздандырылуда!**

**Телегей тілек... Айбарлы ұран... Қазақ... Алаш...
Көк түркі... Рух!!!**

Ақсарабас! Ақсарабас! Ақсарабас!

**Бекзат! Сендер – Қазағымның туын алыс та жа-
қын, қасиетті де қасыретті бауырлас Австралия же-
ріне желбіретіп барып, желбіретіп қайттыңдар. Бұл –
тарих! Ал енді... ҚАЗАҒЫҢНЫҢ МІНЕЗІН білесің,
сезесің!?**

**Ешқашанда бостық жасай көрмендер! Олай ету-
ге қақыларың жоқ!?**

Сен – қазағыңның қаңарманысың ғой!

**Сен – Олимптің асқар шыңына қонған ақыық
қырансың ғой!**

Қаңарман ешуақытта ілмейді, сынбайды!

**Қыран ешуақытта тәменде қалбалақтамайды,
қайыспайды!**

**...Қазақ даласындағы дүбірлі той – бүкіл түркінің
киелі бесігі, қасиетті Түркістанымның ұлы тойына
ұласты. Әруақтарымыз орындарынан қозғалып,
аунап, Жер тербетілуде... Мактансаң қазақ – сен
бүгін Макттан! Бүгін – мактандың тұратын күн!**

**О, Жасаған Ием! Құдыретіңе, әміріңе құлдық.
Шүкір!..**

**Бекзатымның, Қазағымның жеңісін ұзағынан
сүйіндіре ғөр!!!**

Жұлдыз Тілеулина

Атойлаған қос жүректің дабылына тулаған мың-мың
жүрек дүрсілдері қосылып, толқын да толқын буырқанып,
ел ақ көбіктеніп жатқанда инкогнито хат тағы келген:

*Арманың, ардақтың Иген аға!
...оныңыз қалай?!*

Басқа сөз жок. Жұлдыз екені белгілі еді...

Мен – басымды шайқап, кеңкілдей құліп алып, көк дәптерді ары қарай оқуға кірістім. Күнделікке жатпайтын. жақын арада жазылған ойлы да мұнлы естелік-жазбалар екен.

“Откен жолғыдай етпессіз?!. Оныңыз қалай?.. Поэма бастадым?.. Түсінерсіз?.. Сенемін!?.”

...Мен – Жұлдыз қыздың желісімен – хикаяттар шертуге бел байладым.

ЕҢ-ЕҢ ҮЛКЕН АУЫЛ. ЖАЙЫН БАЛЫҚ

Килиманджаро – покрытый вечными снегами горный массив, высотой в 19710 футов, как говорят, высшая точка Африки. Племя масаи называет его западный пик Нгаэ-Нгая, что значит Дом Бога. Почти у самой вершины западного пика лежит иссохший мерзлый труп леопарда. Что понадобилось леопарду на такой высоте, никто объяснить не может...

Эрнест Хемингуэй

Тажалдың ынсапсыз көмейіне
көктегі құс жолы мен жүлдyzдар
ғана ілінбес!

Айгүл Кемелбай

...Осы күндері өскен ауылымды кішкентай еді деуге аузым бармайды. Айтпаймын да. Біреулер солай деп жатса – жатып кеп шайқасуға даяр тұрамын. Тіптен, ол жер мен үшін – дүниедегі ең-ең үлкен елді мекен. Ол жерде Бекзат туылған...

Қазір Айдарлықөлде кәрі-құртаң ғана қалыпты деседі. Бекер?! Кәрікөздер аманат! Біздер ораламыз әлі-ақ!

Есімде, тап сол кездегідей!

Ауыл... Жалаңаш табаныңа жұп-жұмсақ тиетін құмдауыт май топырақ. Тұздалған терідей, әр жер-әр жerde ағарандай кепкен көлшіктердің орны. Дария тұстан тұксие, қамалдана қарауытатын қамысты орман-тоғай. Ауылдың күн күлімдер желкесі ну тоғайдың етегімен көмкерілген тостағандагы құмістей көл. Жыл он екі ай, бала біткеннің жиналатын жәннаты – сол көл. П әрпіне ұқсас еңсегей мектеп, ішіне адам толмастай зәулім клуб, әңкіген әмбебап дүкен, әппак дуалмен коршалған бастырмалы гараж, монша... – ауыл ажары. Әркім қалауынша, қалаған жеріне салып алған әрқалай үйлер. Бекзаттардікі

мектеппен қатарлас, ортада, біздікі жыңғылды жазық шеттегі дөңесте.

Күн үнемі дарияның үстінен күлімдеп, жарқырап шығатын; үнемі жыңғылды-сексеуілді ен жазықтың астына барып, кимай-кимай қоштасатын...

...Ұмытпасам Горбачевтың қамалып қалып, кеңестің астына су жүгіріп тұрган, төрт жылдық бастауыш мектептің соңғы сыныбына барған кезіміз-ау. Қыркүйектің жайдары, шыбынсыз жазы болса керек. Төрт қыз боп көлге барғанбыз. Негізінен, қыздар көлдің қогалары қалқиған таяздау, батпақты төменіне шомылатынбыз да, ер балалар тал, жиде, жыңғыл, қамыс, қога-құрақ аралас жынысты беттегі теренді жайлайтын. Ілуде болмаса ол жаққа жоламайтынбыз. Балалар көріп қалса, әсіресе Бекзат жаңымызды шығаратын... Неге екенін, сол күні көлде балалар болмады. Зығираның “Біз кембіз бе? Теренге шомылайық!” деп қоймағаны.

Есіміз шығып, көлбақалармен жарыса-жагаласа, рахаттана шомпылдасып жатқанбыз. Қоктен түскенін ортамызға Бекзаттың топ ете қалғаны. Ойпан-тойпанымыз шықты. Халатымды орнынан таппай зыр жүгіріп жүргенімде, үш қыз қарасын да көрсетпей тайып тұрыпты... Кейін білсем халатымды Бекзат тығып қойған екен.

Су шашып, батпаққа құлатып, ойнағын салған Бекзат құйындай ұшып жайына кеткен. Мен ауылға таяу ойпаңдағы нән жыңғылдардың арасына кіріп алып, әй-бір... ең кілдеп, аттың басын ағытайын-ай!

Жоқ іздерген мамама үш қыздың бірі Зығира: “Жұлдызыды Бекзат көлге батырып жіберген” депті. Ал, ауылда дүрбелен ғасталсын.

Көлге жиналған қарақұрымнан шошып Бекзат тоғайға зып берген.

Ертөнгісін, аяктарым кері тартқылап, мектепке келдім.

...Сынып жетекшіміз бас терісі келіссіздеу, сұсты, үнемі аузы көпіршіктеніп, қайда көрсөн әк есегін тыптыңдаға жортқылап жүретін кәртендеу ағай еді. Бірінші сабак бітер-бітпестен мені, үш қызды, Бекзатты директорға алып кірді. Менің мамамның көздері бұрышта, теренге

түмшалған. Бекзаттың мамасы... сұлық... Үш қыздың мамалары – көптен бері той көрмеген ойыншылардай жарыса желбіреседі. Әсіреле, Зығираның мамасының екпіні қаттырақ.

Біздерді алып кірген соң, ақырап, аузы одан бетер көпіршіктеніп кеткен сынып жетекшісі ағайымыз бір қолын беліне таянып, екінші қолын ойқастата сермен:

– Мына... тастесер, құйтақандай боп алып, бір күні бәріміздің түбімізге жетеді! Бүкіл ауылды көл түгілі дарияның өзіне батырады! – деді директорға шалт шүйліге де.

Бірдене айтқысы келгендей жалт қараған Бекзат тосылып, кроссовкасының ұшымен еден қырын шұқылап қалған. Тыптырып, тығылып тұрғандығы байқалады. Бір аяғын сұлтып, сүйрете басатын, екі иінінен дем алып, ұшынып отырған Зығираның мамасы тұтқылдан түйріге кетті:

– Оу, ағайын! Айдың аманында алдың алмасақ болmas? Сен, Сырлан құрбым ренжіме, бәріміздің де баламыз бар, дос жылатып айтады деген...

Бірталай буын бейпіл босатып, женілектеп қалған Зығираның мамасы үлкен шаруаның басын қайырып тастағандай орындығын шикылдата, нықтала жайғасқан.

...Жауп кезегі жетіп, Бекзаттың мамасы төмендеген күйі “Кешірініздер...” деген бір ауыз сөзден артық ләм дей коймады. Менің мамам да, директордың: – Сіз не айтасыз? – дегеніне: “Кояр... қалар...”, – деп қынқ-қынқ еткеннен ары аспады. Қалған екі қыздың мамалары ақыл-кенестерін желдіртіп, сынып жетекшіміз қалған-құтқан ұсынысталараптарын тізбелеп, директорымыз орнынан көтерілген.

Директорымыз орта жасқа да жете қоймаған, сонысына қарамастан салмақты, салиқалы кісі-тұғын. Бекзатқа жақындалап келіп:

– Ия... бат-ы-ы-рр! Не дейміз? – деді көздерін сүзе, қигаштай салған күйі жымия жауабын тосып.

– Не айтуши еді! Мұнда сөз қалды ма!?

Аптығы басылмай аттандалап отырған сынып жетекшіміздің шегір көздері шарт-шұрт шытынап, жұқалтаң басы ұшып кетердей кәлтең-кәлтең ойнақшып, мұлдем

жеке-көкпар шауып кеткен. Директорымыздың сұрақ-мезіреті ауда қалған.

Шамасы, жауабын, не айтпағын ішінен тергілеп тұрган Бекзат басын бір қақшыған күйі үнсіз қала берген. “Айтсаншы... бірдене?” дегендей ме, мамасы жып-жылы бей-күнә жанарларын қайта-қайта жетімсірете жүздіріп откен...

Оның бір қуарып, бір сазарған тұр әлпеті айыпты адамдікіне тіптен келмес еді. Бір тұрлі өзіне деген кіжініс, өкініш байқалатында, бар сияқты. Саусактарын сындыра сыйырлатып, кроссовкасымен еден қырларын шұқылай берген. Кейде кеудесін кере дір-дір етіп, кинала, терең дем алады. Әне-міне... жылап жіберер ме еken деп зәрек-күтімнің ұшқаны. Бар өкпем ұмытылып, ішкі әлемімнің бұлқан-талқаны шығып: “Бекзаттың еш кінәсі жоқ!?", – деп айқайлағым-ақ келді. Мен, Бекзатты аяп кеттім...

Білмеймін... жалты, ол басқа қыздардан горі маган көп соқтығысуши еді. Сыныпта, партаның жасанынан әрлі-берлі откенинде бір тұртіп қалмаса, сүйкеліп отпесе коңілі көншімейтіндей-тіп. Сабактан қайтқанда, қалай үлгіретінін – күттеген жерден алдынан арасалаңдай шыға келеді. Орталықтағы құдыққа суга бару азаптың-азабы болатын. Бір жолы умаждаған қағазды резеңкемен атып қоймаган соң, шыдамым үзіліп, қолыма түскен қаламсан қорабымен жіберіп қалғанмын. Оным қия кетіп; сыныпты айнала сабак түсіндіріп жүрген жетекші ағайымызга тисін... Сыныптан қуылып, ата-аналарымызды шақыртуымызга тура келген де еді.

Мен, Бекзаттан үрейім ұша қорыққандығынан емес, тыным бермей тұртқілей беретіндігінен жақтырмайтынмын. Сондай қылықтары үшін жек көретінмін де. Қай жағымнан келіп қалады деп алақтаумен жүретінмін...

Үш қыздың тасасына тығылып, ойларыммен алысып әлекке түсіп тұрганмын.

– Мұның сөзі таусылған! Мектептен шыгару керек!
Советті құлататындар осылар! – деген сынып жетекшіміздің ызғарлы дауысынан селк етіп, шоршып түстім.
Басын әнтек жұлқи көтерген Бекзат:

– Жоқ?!.. Мен кінәмді жоямын, дәлелдеймін! Ант беремін! – деді. Қылқына жұтынып, аздап мұдірістегені болмаса даусы нық, санқылдан шыкты.

– О-о-о?!.. Антшылын... немен дәлелдемекшісін?

Көпіршіген езулерін кір-кір орамалымен сұрткілеген сынып жетекшіміз қос бүктетіліп, Бекзатқа шұқшаия шашылды. Сол мезет, ол жұлып алғандай:

– Дәлелдеймін! Бір күн берініздерші?! – деді тағы да санқ-санқ етіп, директор мен жетекшіміздің беттеріне кеzek-кеzek қапысызы қадалып.

– Жігіттің соңғы сөзі... Сенейік! – деді ақырын тосып тұрған директор ағайымыз жылыширай құлімдеп ентіккендерге қоя-ак қойсаңдаршы дегендей ым да жасап.

Бар пәлеге себепкер Зығираның мамасы қозғалактап, сынып жетекшіміз саусағын шошандата секірендеп жүргенінде директордың кабинетінде Бекзаттың көлеңкесі де қалмаған еді...

* * *

...Бұл күні мен көлге бармай қалдым. Суға түсіп қайткан қыздардың бірі: “Көлдегі балалардың ішінде Бекзат жоқ?”, – депті. Екіншісі: “Дария жаққа кетіпті...”, – депті. Үшіншісі – арқан алып тоғайға кіріп бара жатқанын көріптіміс. Күн бата, “дейді-дейдінің” ақыры дүрбеленге ұласып, ғауыл қайтадан аяғынан тік тұрды... Бекзаттың папасы: “Құдай сақтасын...”, – депті. Дириектор ағайымыз да: “Келер... байқалық”, – деген көрінеді. Зығираның мамасы үйден-үйге шойқандай желіп, жездесі сынып жетекшісі ағайымызды біраз жерге апарып тастапты: “Алқаш... кәрі какпас... алжыған!”, – деп. Мамам екеуміз де құр қалмаптыз...

Таң атып, мектепке бардық. Бекзат жоқ. Сынып жетекшіміз де жоқ, ақ есегін тепендетіп бес-алты баламен

тоғайға кетіпті. Біздерге кітапханашы апай сабак берген болды. Тұске таяу, улап-шулап қайтпақшы болып жатқа-нымызда сырттан ентіге, алакайлай кірген Зыгира:

– Бекзат келді! Бекзат келді! Д-ә-ә-уу балығы бар! – деді де қайтадан шапаттап ала жөнелді. Терезеден секір-гені терезеден, есіктен шықканы есіктен, оқушылар жапа-тармағай тыска лап койған. Мен... состиып тұрып қалып-пын. Әлден уақытта, Бекзаттың үнемі “ұл-ке-е-ен балық әкеліп берейін бе?!” дейтіні есіме сап ете қалғаны... Мектептегі жан біткеннің соны болып, мен де шықтым аулаға. Үлкен-кіші баскетбол бағанасының жаңында кол-дарияла-нып тұрған Бекзатты коршалап алған. Шығыршық темірге байланған арканнан түйедей балықтың құбызық басы қөрген көзді шошыта арбайды. Жакындай бергенімде, топ-тың шеті сөгіліп, – кетіп қалмай нем бар еді? – маған аса бір құрметпен жол ашыла бастады...

Шамасы, Бекзаттың өзі айтса керек – Зыгира:

– Жұлдыз! Бекзат саған әкеліпті. Жүр-жүр, тез! – деп қолымнан дедектете сүйрелегені. Құйрығы жер сызған жайын балықтың тұркы – ең үлкен деген адамның бойын-дай-ау! Бекзаттың көздері шырақша жанады. Біресе ма-ған, біресе балыққа қарап – екі езуі екі құлағында.

– Жұлдыз! Кешірші мені? Әкелдім... – дейді, одан бе-тер жайылып салып.

...Жұрттың бар шаруасы, ықылас-ынтасы ақ аю қөргендей ме, аспан жерге түскендей ме – Бекзаттан гөрі көбірек маған ауғандай. Пышы-пышы, гу-гу үдей түскен-дей. Тарихтан бөретін зу-зу апайымыз әдетінше бастан-аяқ зуылдатып, беттерін шымшылай жұлмалап, қаумала-ған қызылқұмарлардың делебелерін қоздырып-ақ бағуда. Мектептегі үш-төрт ер мұғалімнің ішіндегі казақ тілі-әде-биеті ағайымыздың “қоя қойындар енді...” деген сылайы ізеттілігін құлаққа ілер жан жоқтай. Кірерге қуыс-тесік болсаши...

Құдайға шүкір, қанша уақыт өткенін, бір кезде араның ұясындағы гулеген мектеп ауласы сапта тыншыған еді. Сала-құлаш солбыр құлақтары үзіліп түсердей салактаған ақ есегін екі бүйірінен тепкілей, сынып жетекшіміз де жет-

кен. Есегінің нокта жібін шалқалай тартқылап, бар буын түйдектете шығарған. Әй-шәйсіз:

– Негылған тобыр, мынау не?! – деді балықты шегір көздерімен шанши, таяғымен тұртіп. Содан, жарыса түсін-діргенсіген екі-үш апайды тыңдағансып болып, бұрынғысынан да еліре, екпіндей түсіп:

– Тарандар!.. – Ей-и-й, түге, өңкей түк көрмеген... – Әй, завхоз бала, бері кел, мына балықты іскләдің апа-рып қой! Ал... сен, анда бар! – деді Бекзатқа, таяғымен директордың қабинеті тұсты нұсқап.

Қызықтың, әшкеренің көкесі енді болды. “Бекзат Жұлдызды қолға батырып жіберіпті, Жұлдыз кешірім бер-меген соң Бекзат дарияға кетіпті дегендей желбуаз әфса-наларға: Бекзат кешірімге жайын балық әкеліпті... Жұлдыз енді кешірмесе?..” сияқты желдірмелер жетпей-ак түр еді.

...Мен не жазып, не бұлдіріп қойғандығымды ұғына алмай дал болдым. Бекзаттың алдында иіліп, жұртқа көз-көрініс жасап, құмарларын қандырмаганыммен – бәрін іштей де, былайша да кешіріп қойған едім фой. Ол да, онымды сезді... балық әкелсе – сынып жетекшімізге, ди-ректорға берген серті үшін ғана емес пе?!

Екі бетім дуылдал, құлақтарым бітеліп, аңырайып тұрып қалғанмын. Басымды қаймыға көтерсем – дауры-ғысқан, қытықтары басылысқан жұрт тарқаңқырап, Бек-заттың білегіне қышқыш бақадай жабысқан сыннып же-текшіміз мектепке кіріп барады екен. Кенет, табалдырық-тан аттай берген Бекзат бір қолын есік жақтауына шірене тіреп, бір сәтке арқасына бұрылып, маған қадала қарап қалды...

Бар масқарашибалық менің ғана басыма үйіліп-төгілген-дей... көздерімнен ыстық жас парлай, үйге қарай жын сок-қандай құйындана жөнелдім...

Қазір ойлап отырсам – ол кезде... мен Бекзаттың отты да аяулы жасаарларынан тұқті дे үқпаған екенмін. Ұгайын деген ой-түйсік те болматты. Ия, ия... балықтың да мән-мәнісін түсінбентін. Жайын балық болса – бейшара ақ есекке тағы да бір кезекті жүк бо-лып, кете барыпты...

Екінші хикаят

ҰЛЫ ДАРИЯ ЖАҒАСЫНДА. ТЕҢІЗ

...Қолың қалт ете қалса – аяулы ауылың есіңе түсемтін болды, өзегің өртенеді...

Ең-ең үлкен ауылдың үстінен, әудем-ақ жерден ұлы дария өтетін. Айта беретін, сылаңдаған сұлу Сыр – Сыр-дария. Ауыл мен екі аралық қалың тогай, ну, көл-көлшік. Дөң-дөңесті қуалай зыргыған таспа жолдың жиектері гана ашық. Одан ары, күн үясына қонақтар тұс – жыңғылды-сексеуілді ен дала, жазира кеңістік... кеңшілік...

Жаяу-жалпының паромга баратын күнделікті жолы – шоқ-шоқ тогай, кол-көлшіктердің ара-арасынан жыланша шұбалаңдап сусыған соқпақтар. Ол соқпақтармен күндіздің озінде жеке-жарым жүрү қорқынышты еді. Өртенген агаиштардың қарабожыр бұтақтары арбыып-арбыып, ертектердегі жеті басты айдаңарлардай көрінетін, я, жезтүрнақ мыстан кемпірдей әсер етіп, есінді алатын. Құйын жел үпіре соққандай гой бүткіл тогай әндептіп, біресе сыңсып, күңіреніп, көшіп-қонып тұрады... Үлкендер: “Топ қамыс өскен шұңқырлардагы көлшікке жолаушы болмаңдар, тубіне тартып кетеді” деуші-тін. Шындығында да, кей-кейде қызықтап жақындағы қалсаң шұңқырлардың жиектері баланың еңбегіндей былқ-былқ етіп, зәре-құтыңды қашырап еді.

Мал-салын жоғалтқан ел – қога-қамыс жаңарып өседі деген желеумен тогайдың ауылга таяу тұстарын жиі өртеп жетатын; әрі отындығын да жақыннан қамдағанды жөн көретіндіктен – биік-биік нән агаиштар дарияға жақындаған сайын гана сіресе, жағалау-

ды әдіптей, шең құра оседі. Ұшар басына дейіп шыр-мауыққа шандылып, ақ ұлпа жамылған жиде ага шта-рын ақша қарға оранып тұр еken деп те қаласың. Жа-рыса, суман-сумаң ентелеген соқпақ жолдар келіп-келіп, осы ит тұмсығы өттесстей нудың жыстық-жыты-сықтарындағы ін-ін тесіктерге кіріп-кіріп кетеоді. Со-дан – жылт етіп жердің бетіне, жарыққа ытқып шық-қан қосаяқ тышқандай жоңқи кошкен алатат дүниеге, ұлы дарияға маңдайыңды бір-ақ тірекісің. Басқа әлемгө тап боласың... Осіресе, несібесі шашаусыз он бойында – ерте көктем, күз кезеңдеріндегі галамат! Гажайып!..

Түн баласы амалсыз, не көлденең кердеңдеген біре-улер болмаса – соқпақ жолдар нұ-тогайдың бел түлек-тері: қабан, қасқыр, шиборі, малін, түлкі-түлендердің өз еншісіне тиеді. Бақылдап-шақылдап, қорсылдап-гүрсілдеп, сыйын-ұлып, бір жағынан байгызы шақы-рып, күнүзаққа көлгірсі мүлгіген сарсагыз тогай ду-мандатып па, жынданып па, сала береді. Әзәрәки, үйде жалғыз-жарым қала қалсаң дeneң түршигіп, елең-деп, елегізіп отырасың... Ал, сол тылсым тіршілік атау-лының суалмас сусамыр емшегі ұлы дария болса – емі-рене иіп, үйип, үн-тінсіз сырғып қана жатады...

Сәуір айының аяқ кезі. Аспан қылышты қыздай қылымсып, сан құбылып, түленіп тұрған...

Мен, отбасындағы балалардың үлкені едім. Мамам мен папамның менің бастауышты тәмәмдайтындығыма байланысты жыл ұзаққа созылған айтыс-тартыстары ақыры бітіскеңдей. Папам “Жұрт катарлы орталыққа қатынап оқи берсін-дә” дейтін; мамамның уәжін менің де құптастыным есепке кіріп, Түркістанға көшетін болдық. Міне, бүгінмен төртінші күн – орнығатын жайдың жай-жап-сарын білмекке папамның үлкен шаңарға аттанғанына.

“Әкеңнен де бір хабар бол қалар, мен де қайтып үлгірермін” деген мамам құлқын сәріден орталыққа шық-қан. Іні-сіңлілерім бал ұйқыда. Дария тұс тозаңдап, түн түндігі түріліп келеді. Тұған ауылымды қаншалықты қима-ғаныммен, Түркістандай ескі де ертегі, үлкен қалаға деген